

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ЖОБАСЫ

31.01.2026 жылы Конституциялық реформалар жөніндегі комиссия Қазақстан Республикасының Жаңа Ата заңның Жобасын жариялады. Конституциялық реформа мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстанда бір палаталы Парламент құру жөніндегі бастамасының негізінде туындады. Президент бұл идеяны 2025 жылғы 8 қыркүйектегі өзінің кезекті «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» Жолдауында Қазақстанның экономикалық-әлеуметтік дамуына елеулі оң серпін беру мақсатында айтқан болатын.

2025 жылы 8 қазанда Парламенттік реформаны іске асыру жөніндегі жұмыс тобын құру туралы өкімге Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қол қойды. Оның құрамында белгілі құқықтанушы ғалымдар, сарапшылар, саяси партиялардың өкілдері кірді. Талқылауға барлық белсенді азаматтар қосылып, өз пікірлерін және ұсыныстарын e-Otinish және eGov порталдары арқылы жолдай бастады. 2026 жылы 21 қаңтарда Конституциялық Комиссия құрылды. Конституциялық Соттың төрайымы Эльвира Азимова басшылық етті. Мемлекеттік Кеңесші Ерлан Карин, Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, сарапшылық және ғылыми қауымдастық өкілдерін қоса алғанда 130 адам кірді. Жаңа жоба Прембуладан, 11 бөлімнен және 95 баптан тұрады. 77 бапқа түзетулер енгізіліп, бұл Ата Заңның 84%-ын құрайды. Прембулада «Ұлы Дала», «Әділетті Қазақстан», және «Заң мен Тәртіп» ұғымдары кездеседі.

Қазақстан Республикасы Ата Заңының тұжырымдамалық өзгерістері мемлекеттің адамға бағдарланғанын арттыруға, Қазақстан халқына тән өзекті құндылықтар мен қағидаттарды көрсетуге, сондай-ақ республикадағы саяси институттар құрылымының тиімділігін арттыруға бағытталған. Жаңа Прембулада адам құқықтары мен бостандықтары алғаш рет мемлекеттің негізгі басымдығы ретінде жария етілді. Бірлік пен ынтымақтастық, ұлтаралық және дінаралық келісім Қазақстан мемлекеттілігінің негізі ретінде белгіленді. Егемендік пен Тәуелсіздік,

біртұтастық, аумақтық тұтастық өзгермейтін құндылықтар санатына жатқызылды. Әділеттілік, Заң мен Тәртіп, табиғатқа ұқыпты қарау сияқты қағидаттар алғаш рет Конституция деңгейінде бекітілген. Сонымен қатар, мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы және егемендіктің иесі Қазақстан халқы болып табылатыны бекітілген.

Ата Заңымыздың жаңа мәтінінің басты идеясы ретінде білім мен ғылым, мәдениет пен инновация анықталды. Бұл мемлекеттің болашағы минералды ресурстар мен табиғи байлықтармен емес, адами капиталмен және азаматтардың жетістіктерімен анықталатынын көрсететін түбегейлі маңызды бетбұрыс. Тағы бір маңызды мағыналық бағыт – цифрландыру. Осыған байланысты Конституцияның жаңа мәтінінде алғаш рет азаматтардың құқықтарын цифрлық ортада қорғау туралы норма бекітілді. Конституцияның жаңа мәтінінің басты ерекшелігі – адам құқықтарына бағдарлануы. Осылайша, адам құқықтары мен бостандықтары жаңа Прембулада ғана бекітіліп қоймай, бүкіл Конституцияның ерекше басымдығы әрі мағыналық өзегі ретінде айқындалған. Дін мен мемлекеттің ара-жігі нақты ажыратылып бекітіледі. Білім беру мен тәрбие жүйесінің зайырлы сипаты айқындалады. Неке ер адам мен әйел адамның ерікті және тең құқықты одағы екендігі туралы ереже енгізіледі. Бұл шешім дәстүрлі құндылықтарды ең жоғары құқықтық деңгейде қорғауға және әйелдердің құқықтарын қорғауды күшейтуге бағытталған.

Конституция жобасында бірқатар жаңашылдықтар бар. Олардың ішінде мыналарды атап өтуге болады: 145 депутаттан тұратын және жаңа, кеңейтілген өкілеттіктерге ие бір палаталы жаңа Парламент – Құрылтай құрылады. Оны құру кезінде пропорционалды сайлау жүйесі қолданылады, ал депутаттардың өкілеттік мерзімі 5 жылды құрайды. Пропорционалды жүйе партиялардың кадрлық саясатын дамытуға, олардың институционалды рөлін арттыруға және саяси күштердің қоғам алдындағы жауапкершілігін күшейтуге ықпал етеді.

Жаңа жалпыұлттық диалог платформасы – Қазақстанның Халық Кеңесі құрылады, ол Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Ұлттық құрылтайдың стратегиялық функцияларын жалғастырады. Бұл Қазақстан халқының мүдделерін білдіретін, заң шығару бастамасы құқығына ие жоғарғы консультативтік орган болады. Вице-президент институтын құру. Ол ҚР Президентінің атынан Қазақстан мен шетелдердің қоғамдық-саяси, ғылыми және мәдени-ағартушылық ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасасуды жүзеге асырады. Адвокаттық қызметке және адвокатураға арналған арнайы бап алғаш рет Конституцияда бекітіледі. Зияткерлік меншік құқығын қорғау қамтамасыз етіледі. Азаматтарға жаңа міндеттер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын заңдарға, сол құқық бұзушылық үшін қайтадан жауапқа тартуға жол бермеуге тыйым салуды және кінәсіздік презумпциясы қағидаттарына, қоса алғанда, азаматтардың құқықтарына кепілдік күшейтіледі. Еліміздің жаңа Ата Заңының мәтіні қалыптасқан мемлекеттік құрылымды, халықаралық беделді, адами капиталды, білім, ғылым және инновацияларды дамытудағы Қазақстанның айқын басымдығын атап көрсетеді, ол сенімді түрде болашаққа көз тастайды. Сонымен қатар, мемлекеттік құрылымның қалыптасуына және Қазақстанның тарихи дамуында маңызды рөл атқарған қазіргі Конституцияға құрмет көрсетіледі. Ата Заңымыздың жаңа мәтінінің басты идеясы ретінде білім мен ғылым, мәдениет пен инновация анықталды.

94-ші баптың 1 бөлімінде Қазақстан Республикасының Конституциясы жаңа жобасы республикалық референдум нәтижелері ресми түрде жарияланған күні қолданысқа



енетіні, сол мезгілден бастап бұған дейін қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының күші жойылатыны айтылған. Сонымен қатар аталған баптың 2 бөлімінде «Республикалық референдумда Конституция қабылданған күн мемлекеттік мереке – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні деп жарияланады», - деп көрсетілген. 11 ақпан күні Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 15 наурыз 2026 жылы Республикалық Референдум өткізу туралы шешім шығарды.

Конституция – бір күндік емес, ұзақ мерзімге арналған негізгі заң. Сондықтан оны қабылдау үдерісінде әрбір азаматтың пікірі маңызды. Қоғамдық талқылау арқылы халықтың үнін ескеру – шын мәніндегі демократиялық қоғамның белгісі. Жаңа Конституция жобасы елдің тұрақты дамуына, білімді ұрпақ тәрбиелеуге және әділ қоғам құруға қызмет етеді деп сенемін.

АЛИШЕВА Айгуль Сарсеналықызы
Алматы техника-экономикалық қатынас жолдары колледжінің тарих пәнінің педагогы

ИСТОРИЯ ЖЕЛЕЗНЫХ ДОРОГ КАЗАХСТАНА (1945–1958 гг.)



Продолжаем серию статей о железных дорогах Казахстана в указанный период. Сегодня поговорим о Карагандинской железной дороге.

Карагандинская железная дорога, организована в 1940 г. из вновь построенных при советской власти линий: Петропавловск – Караганда с ветвями до Балхаша и

Джезказгана и Акмолинск (ныне Астана) – Каргалы. Линия Петропавловск – Караганда (709 км) с ветвями до Балхаша и Джезказгана была построена в 1927–1938 гг. Участок Петропавловск – Боровое был сдан в постоянную эксплуатацию в 1927 г. Боровое – Караганда – в 1931 г., Жарык – Джезказган – в 1938 г. В 1939 г. сооружена магистраль Акмолинск – Каргалы протяженностью 806 км, спрямившая на 470 км путь из Карагандинского угольного бассейна на Южный Урал. Линия Акмолинск – Каргалы является звеном будущей южносибирской магистрали (Акмолинск – Павлодар – Барнаул – Кузбасс – Абакан). Дорога связывает с

железнодорожной сетью района Центрального Казахстана с их огромными ископаемыми богатствами: каменными углями Карагандинского бассейна, месторождениями меди Коунрада, Джезказгана, Боше-Куля. Последовавшее за проведением дороги развитие производительных сил этого некогда безлюдного района у границ Голодной степи превратило его в крупнейшую индустриальную базу Союза. Во много раз выросла добыча каменного угля. Караганда стала третьей угольной базой Союза. Выстроенные гиганты цветной металлургии (Прибалхашский комбинат, Джезказган) сделали Казахстан одним из первых районов Союза по добыче меди. В годы Отечественной войны в условиях временной оккупации немцами Донбасса эта созданная по сталинскому плану промышленная база сыграла серьезную роль в деле обеспечения ж. д. центра и Поволжья топливом и оборонной промышленности – медью. Дорога проходит по Карагандинской, Акмолинской, Северо-Казхастанской, Кустанайской обл. Казахской ССР. В районе дороги имеются крупные месторождения полезных ископаемых (уголь, медь, марганец, драгоценные руды) и значительно развито сельское

хозяйство (северные и западные участки дороги) – животноводство и зерновое хозяйство. Основные грузообразующие районы дороги: Карагандинский (каменный уголь и другие отрасли промышленности), Балхашский (Прибалхашский комбинат), Джезказганский (цветная металлургия), Петропавловский (мясокомбинат и другие предприятия: пищевой промышленности). В перспективе намечается дальнейший рост каменноугольной промышленности и цветной металлургии. Наличие месторождений железных руд в связи с коксующимися карагандинскими углями даёт возможность создания развитой чёрной металлургии и коксования. В 1945 г. пущена в эксплуатацию первая очередь Казахстанского металлургического завода. В перевозочной работе основные грузы: каменный уголь, хлеб и руда по погрузке и лес по ввозу. В районе дороги известный сибирский курорт Боровое. Граничит с Омской (ст. Петропавловск) и Южно-Уральской железной дорогой (ст. Тобол). Управление дороги – в Акмолинске.

ИБРАИМОВ А.К.,
к.т.н., ассоциированный профессор кафедры
«Транспортное строительство, мосты и тоннели»,
Почетный железнодорожник

2026 жылғы 15 наурызда Қазақстанда «2026 жылғы 12 ақпанда бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған Қазақстан Республикасы жаңа Конституциясының жобасын қабылдайсыз ба?» деген сауал бойынша республикалық референдум өтеді

Өз сайлау учаскенізді қалай білуге болады?

- Мұны бірнеше тәсіл арқылы жасай аласыз:
1. 1308 қысқа нөміріне телефон соғу арқылы;
2. Сайлаушылар тізіміне арналған ресми сервис арқылы: <https://electorat.almaty.kz/>
3. Telegram-бот арқылы: @almaty_referendum2026_bot



15 марта 2026 года в Казахстане пройдет республиканский референдум по вопросу «Принимаете ли Вы новую Конституцию Республики Казахстан, проект которой опубликован в средствах массовой информации 12 февраля 2026 года?»

Как узнать свой участок?

- Сделать это можно несколькими способами:
1. По короткому номеру - 1308
 2. Официальный сервис по спискам: <https://electorat.almaty.kz/>
 3. Telegram-бот: @almaty_referendum2026_bot

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ОБУЧАЮЩИХ ПРОГРАММ ДЛЯ ФОРМИРОВАНИЯ СПЕЦИАЛИСТА С ГЛУБОКИМИ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫМИ УМЕНИЯМИ И ЗНАНИЯМИ

В условиях стремительной цифровизации транспортно-логистической отрасли подготовка конкурентоспособного специалиста невозможна без применения современных обучающих программ. С целью совершенствования образовательного процесса была организована презентация программных продуктов с участием работодателей и специалистов отрасли. Мероприятие стало площадкой для профессионального диалога между университетом и представителями производственного сектора.

В ходе встречи были представлены ключевые цифровые инструменты, используемые в подготовке обучающихся по специальностям «Логистика» и «Организация перевозок, движения и эксплуатация транспорта».

1. AnyLogic — инструмент имитационного моделирования

Одним из центральных элементов презентации стала демонстрация возможностей платформы AnyLogic. Работодателям были показаны модели логистических центров, транспортных потоков и складских процессов. Представители работодателей отметили, что владение инструментами имитационного моделирования позволяет будущим специалистам:

- анализировать цепи поставок;
- прогнозировать загрузку складов и транспорта;
- оценивать риски и оптимизировать логистические решения.

Работодатели подчеркнули актуальность развития аналитического мышления и системного подхода, которые формируются при работе с данной программой.

2. КРОССДОК

В рамках презентации была продемонстрирована работа программы «КРОССДОК», предназначенной для управления складскими процессами и организации кросс-докинга.

Специалисты отрасли высоко оценили практическую направленность применения, отметив, что знание принципов:

- приемки и сортировки грузов,
 - распределения товарных потоков,
 - минимизации складских затрат
- соответствует реальным требованиям логистических предприятий. Обсуждение показало, что внедрение подобных программ значительно повышает уровень готовности выпускников к работе на складах и распределительных центрах.

3. Программа «Подготовка перевозочных документов»

Особый интерес вызвала презентация программы по оформлению перевозочной документации. Работодатели подчеркнули, что грамотное заполнение транспортных накладных, расчет тарифов и соблюдение нормативных требований — одна из ключевых компетенций логиста.

В ходе обсуждения было отмечено, что практическая отработка оформления документов в учебной среде:

- снижает вероятность ошибок в реальной работе;
- формирует ответственность и внимательность;
- повышает юридическую грамотность будущих специалистов.

4. Имитационный 3D-тренажер приёмосдатчика груза и багажа

Презентация программного продукта вызвала живой интерес у представителей транспортных организаций. Виртуальная среда позволяет моделировать реальные производственные ситуации: приём груза, проверку документации, взаимодействие с клиентами и соблюдение требований безопасности.

Работодатели отметили, что подобный формат обучения:

- развивает стрессоустойчивость;
- формирует навыки принятия оперативных решений;
- позволяет отрабатывать нестандартные ситуации без производственных рисков.

Было предложено расширить практику использования тренажёра и

включить дополнительные сценарии, отражающие реальные кейсы предприятий.

5. 3D-макет подвижного состава железнодорожного транспорта

Завершающим элементом презентации стал 3D-макет подвижного состава железнодорожного транспорта. Специалисты отметили важность визуального изучения конструкции вагонов, особенностей их эксплуатации и правил размещения грузов.

Использование 3D-моделей способствует:

- лучшему пониманию технических характеристик подвижного состава;
- развитию пространственного мышления;
- формированию профессиональной компетентности в сфере железнодорожных перевозок.

В ходе встречи работодатели положительно оценили внедрение современных цифровых технологий в образовательный процесс. Было подчеркнуто, что использование имитационных моделей, автоматизированных систем и виртуальных тренажёров позволяет сократить период адаптации выпускников на рабочем месте.

По итогам обсуждения стороны договорились о дальнейшем сотрудничестве, проведении совместных мастер-классов, участии специалистов отрасли в оценке практических навыков студентов и актуализации учебных программ с учетом требований рынка труда.

Таким образом, презентация программных продуктов и конструктивный диалог с работодателями подтвердили, что использование современных обучающих технологий является эффективным инструментом формирования специалиста с глубокими профессиональными умениями и знаниями в сфере логистики.

УСТЕМИРОВА Р.С.

Заведующий кафедрой «Организация движения, управление на транспорте и логистика»



Практико-ориентированное обучение студентов на базе АО «КТЖ-Грузовые перевозки» - «Алматинское отделение ГП»

В условиях цифровизации и модернизации транспортной отрасли особую значимость приобретает практико-ориентированная подготовка специалистов. В рамках учебного процесса для обучающихся специальностей «Организация перевозок, движения и эксплуатация транспорта» и «Логистика» было проведено выездное практическое занятие на производственной базе АО «КТЖ-Грузовые перевозки» — «Алматинское отделение ГП».

Занятие провёл ревизор по безопасности движения Бекешов Ж., имеющий значительный опыт работы в сфере обеспечения безопасности и организации перевозочного процесса.

Основной целью мероприятия стало формирование у обучающихся профессиональных компетенций в области:

- организации грузовых перевозок;
- обеспечения безопасности движения поездов;
- взаимодействия структурных подразделений при перевозочном процессе;
- применения нормативной документации на практике.

Особое внимание было уделено вопросам соблюдения технологической дисциплины и роли человеческого фактора в обеспечении устойчивой работы железнодорожного транспорта.

«Алматинское отделение ГП» является важным структурным подразделением компании Казакстан

темір жолы, обеспечивающим организацию и контроль грузовых перевозок в одном из крупнейших транспортных узлов страны. В ходе занятия обучающиеся ознакомились:

- со структурой управления отделения;
- с организацией работы станций и поездных диспетчеров;
- с системой контроля безопасности движения;
- с практикой расследования нарушений и предотвращения транспортных происшествий.

Производственная среда позволила студентам увидеть реальное функционирование транспортно-логистической системы и понять взаимосвязь теоретических знаний с практическими задачами.

Ревизор по безопасности движения — ключевое звено системы внутреннего контроля. В ходе занятия Бекешов Ж. подробно осветил:

- порядок проведения проверок подразделений;
- методы анализа причин нарушений безопасности;
- алгоритмы профилактической работы;
- требования к персоналу в части соблюдения инструкций и регламентов.

Обучающимся были представлены реальные производственные кейсы, демонстрирующие последствия отклонений от технологических норм и важность превентивных мер. Особый акцент сделан на культуре безопасности и личной ответственности

работников.

Для студентов специальности «Организация перевозок, движения и эксплуатация транспорта» занятие позволило:

- углубить знания о технологии формирования и пропуска поездов;
- понять особенности взаимодействия станционных и линейных служб;
- ознакомиться с системой оперативного управления перевозками.

Для обучающихся по направлению «Логистика» особую ценность представляли вопросы:

- координации грузопотоков;
- управления транспортными ресурсами;
- обеспечения надежности и устойчивости цепей поставок;
- минимизации рисков при транспортировке грузов.

Таким образом, занятие способствовало формированию системного понимания функционирования транспортно-логистической инфраструктуры.

Проведение занятий непосредственно на базе производственных предприятий позволяет:

- повысить уровень профессиональной подготовки;
- сократить разрыв между теорией и практикой;

- сформировать навыки анализа реальных производственных ситуаций;
- повысить мотивацию обучающихся к будущей профессиональной деятельности.

Взаимодействие образовательных организаций с производственными структурами, такими как АО «КТЖ-Грузовые перевозки», является важным элементом подготовки конкурентоспособных специалистов для транспортной отрасли Республики Казахстан.

Практическое занятие, проведенное на базе «Алматинского отделения ГП», продемонстрировало высокую эффективность интеграции образовательного процесса с производственной деятельностью. Опыт, полученный обучающимися в ходе встречи с ревизором по безопасности движения Бекешовым Ж., способствует формированию профессиональной ответственности, развитию аналитического мышления и пониманию ключевой роли безопасности в системе грузовых перевозок.

Подобные мероприятия являются важным инструментом подготовки специалистов нового поколения, способных обеспечивать устойчивое развитие транспортно-логистической системы страны.

УСТЕМИРОВА Р.С.

Зав. кафедрой «Организация движения, эксплуатация транспорта и логистика»

ЖАС ДАРЫН ЖАРҚЫРАҒАН СӘТ

Қазақ поэзиясының мұрасын ұлықтап, рухани құндылықтарды дәріптеуге арналған «Жырлайды жүрек» атты Мұқағали Мақатаев поэзия сайысында Нұрым Ақпейіл жоғары шеберлік танытып, жүздеген I орынды иеленді. Логистика мамандығы бойынша білім алып жүрген I-курс студенті бұл байқауда тек үздік нәтиже көрсетіп қана қоймай, көрерменнің де, қазылар алқасының да ерекше ықыласына бөленді.

Поэзияға деген құрмет – жүрекпен. «Жырлайды жүрек» сайысының басты мақсаты – Мұқағали поэзиясын жас ұрпаққа насихаттау, олардың көркемөз оқу шеберлігін арттыру, ұлттық әдебиетке деген сүйіспеншілігін ояту. Байқауға қатысушылар ақын өлеңдерін жатқа оқып, оның мазмұнын, ішкі иірімдерін, терең философиялық ойын сахна төрінде шынайы жеткізуге тырысты.

Мұқағали жырлары – сезімнің сыры, жүректің үні, адам жанының айнасы. Осындай күрделі әрі нәзік поэзияны көпшілік алдында тебіреніспен жеткізу – үлкен дайындық пен ішкі мәдениетті талап етеді. Нұрым Ақпейіл осы жауапкершілікті терең сезініп, әр жолды жүрек сүзгісінен өткізеді.

Сайыс барысында Ақпейілдің дауыс ырғағы, анық дикциясы, сахнадағы еркіндігі мен өзін-өзі ұстауы айрықша байқалды. Ол өлең мәтінін жай ғана жатқа айтып шыққан жоқ, әрбір шумақтың мағынасына үңіліп, тыңдарманды ойға жетеледі. Көркемөз оқу барысында оның дауысындағы толқыныс пен сенімділік поэзияның әсерін күшейте түсті.

Қазылар алқасы жас студенттің шығарманы терең түсініп, образды түрде жеткізе алғанын



ерекше атап өтті. Өлең мазмұнын сезіммен өріп, тыңдарманмен рухани байланыс орната білуі – оның басты артықшылығы болды.

Логистика мамандығында білім алып жүрген Ақпейіл үшін бұл жеңіс – тек шығармашылық жетістік қана емес, сонымен қатар жан-жақтылықтың, талпыныстың нәтижесі. Техникалық бағыттағы мамандықты игере жүріп, әдебиет пен өнерге деген қызығушылығын қатар алып жүру – оның еңбекқорлығы мен ізденімпаздығын көрсетеді.

Бұл жеңісті оқу орны үшін де зор мақтаныш. Студенттердің тек кәсіби біліммен шектелмей, рухани-мәдени шараларға белсене қатысуы – білім ордасының тәрбиелік жұмысының нәтижелі екенінің айғағы.

Нұрым Ақпейілдің бұл жеңісі – үлкен жолдың бастауы. Мұқағали жырларын жүрекпен жеткізе білген жас дарын алдағы уақытта да шығармашылық ізденісін жалғастырып, жаңа биіктерді бағындыруға ниетті.

Қазақ поэзиясына деген сүйіспеншілік, ұлттық әдебиетке деген құрмет – осындай жастардың арқасында мәңгі жасай бермек.

Нұрым Ақпейілге шығармашылық шабыт, толағай табыс және алар асуларының биік болуын тілейміз!

МАМАНҚЫЗЫ Ғалия

«Көлік қозғалысын ұйымдастыру, басқару және логистика» кафедрасының аға оқытушысы

РОЛЬ ПЕДАГОГА В СОЗДАНИИ БЕЗОПАСНОЙ И ЭТИЧЕСКИ ГРАМОТНОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЫ

Роль учителя в современном образовании значительно выходит за рамки простой передачи академических знаний. В настоящее время от педагогов ожидается, что они будут выступать носителями моральных ценностей, способствовать развитию критического мышления и обеспечивать безопасную и инклюзивную образовательную среду. В этом контексте создание пространства, которое является одновременно психологически безопасным и этически грамотным, стало одной из ключевых задач современного учителя.

Прежде всего, безопасная образовательная среда является необходимым условием эффективного обучения. Безопасность в данном случае не ограничивается физическим благополучием, но также включает эмоциональную и психологическую защищенность учащихся. Учителя играют решающую роль в формировании атмосферы доверия, уважения и взаимопонимания. Устанавливая четкие поведенческие нормы, оперативно реагируя на проявления буллинга или дискриминации и демонстрируя эмпатию, педагоги помогают учащимся чувствовать себя ценными и защищенными. Когда обучающиеся не опасаются унижения, изоляции или несправедливого отношения, они с большей готовностью выражают свое мнение, вступают в диалог и идут на интеллектуальный риск, что является необходимым условием глубокого обучения.

Не менее значима роль учителя в развитии этической

грамотности. Этическая грамотность предполагает способность распознавать моральные дилеммы, критически их осмысливать и принимать ответственные решения, основанные на универсальных ценностях, таких как справедливость, уважение и честность. Учителя способствуют формированию этих навыков не только посредством целенаправленного обучения, но и через личный пример. Их повседневные действия — способы разрешения конфликтов, отношение к разнообразию или готовность признавать собственные ошибки — становятся важными уроками этического поведения. Таким образом, педагоги выступают в роли образцов для подражания, чье поведение косвенно формирует моральные ориентиры учащихся.

Кроме того, учителя играют ключевую роль в интеграции этических аспектов в содержание учебной программы. Посредством открытых дискуссий, анализа конкретных ситуаций и совместных проектов учащимся предоставляется возможность рассматривать сложные социальные и моральные проблемы с различных точек зрения. Подобная деятельность способствует развитию критического мышления и моральной чувствительности, подготавливая обучающихся к решению этических задач в условиях всё более сложного и взаимосвязанного мира. Важно подчеркнуть, что учитель должен создавать пространство, в котором уважаются разные мнения, тем самым показывая, что этическое мышление основано на

диалоге, а не на догматизме.

Наконец, этическая ответственность учителя включает в себя поощрение инклюзивности и развитие культурной осознанности. В условиях многообразия современного класса педагогам необходимо учитывать различия в происхождении, убеждениях и идентичности учащихся. Учителя, которые признают и ценят разнообразие, укрепляют принципы равенства и человеческого достоинства. Это не только способствует развитию этической грамотности, но и формирует чувство принадлежности, что имеет решающее значение для создания безопасной образовательной среды.

В заключение следует отметить, что роль учителя в формировании безопасной и этически грамотной образовательной среды является многогранной и исключительно значимой. Обеспечивая психологическую безопасность, демонстрируя этическое поведение, развивая моральное мышление и поддерживая инклюзивность, учителя закладывают основу как для академической успешности, так и для личностного развития учащихся. В результате такая образовательная среда формирует не только знания, но и этические компетенции, необходимые для становления ответственных и социально вовлеченных членов общества.



БИЖАНОВА Галина Кенязмуратовна
Педагог по русскому языку и литературе

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ӘЛЕМІНДЕ

Бүгінгі таңда жасанды интеллект адамзат өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Ол медицинадан бастап, білім беру, көлік, бизнес, өндіріс, тіпті тұрмыстық өмірге дейін терең еніп үлгерді. Жасанды интеллект тек технология емес, ол – болашақтың кілті, саналы ойлауға қабілетті жүйе қалыптастыруға бағытталған ғылым.

Цифрлық дәуірдің негізгі қуаты – білім мен технология. Осы орайда Алматы техника - экономикалық қатынас жолдары колледжінде Информатика апталығы аясында өткен «Жасанды интеллект әлемінде» атты интеллектуалды сайыс студенттердің IT саласына деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, жас мамандардың шығармашылығына қанат бітірді. Сайыстың басты мақсаты – студенттердің білімін тереңдету, логикалық ойлауын жетілдіру, жасанды интеллект ұғымының қазіргі өмірдегі ролін түсіну және топпен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру болды.

Сайысқа бірінші курс студенттерінен құралған төрт команда белсене қатысты. Олар: ЛОКБ-25/9-3 тобының студенттері «Антивирус», ЛОГБ-25/9-2 тобының студенттері «Технология», ЛОКБ-25/9-2 тобының «ChatGPT», және ЛОГБ-25/9-3 тобының студенттері «IT» командалары. Әр команда өздерін жеке таныстырып, ерекше атауы мен ұранын паш етіп, сайыстың шымылдығын әсерлі әрі ерекше түрде ашты.

Сайыс бес кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде «Миға шабуыл» арқылы қатысушылар жылдам ойлау мен теориялық білімдерін көрсетті. Екінші кезеңде «Код жазу» барысында студенттердің алгоритмдік ойлау қабілеті мен программалау шеберлігі сыналды. Үшінші «Суретпен сөйлейміз» кезеңінде компьютерлік құрылғылар мен логотиптерді тану арқылы ақпараттық сауаттылықтары байқалды. Төртінші кезең – «IT-эстафета» MS Word бағдарламасында мәтінді сауатты теру жылдамдығын бағаласа, соңғы «Ұяшықты



таңда» шығармашылық кезеңінде болашақ компьютерлердің мүмкіндіктері мен жасанды интеллекттің өмірге әсері туралы тың идеялар ұсынылды.

Сайысты бағалау үшін әділ әрі кәсіби қазылар алқасы жұмыс атқарды. Олар: Саркеева Гулнара Тоқаевна, Қунанбаева Жазира Мусақуловна және Бөкенқызы Алмагуль. Қазылар алқасы әр кезеңнің мазмұнына, жауаптың нақтылығына, шығармашылық деңгейіне және топтық жұмыс үйлесіміне назар аударып отырып бағалады.

Сайыс соңында жеңімпаздар анықталды. I дәрежелі диплом ЛОКБ-25/9-3 тобының «Антивирус» командасына, II дәрежелі диплом ЛОГБ-25/9-2 тобының «Технология» командасына, III дәрежелі диплом ЛОКБ-25/9-2 тобының «ChatGPT» командасына табысты. Ал ынгалы қатысуымен ерекшеленген ЛОГБ-25/9-3 тобының «IT» командасы арнайы Алғыс хатпен марапатталды.

Бұл шара студенттердің тек білімін шыңдап қана қоймай, олардың өзіне деген сенімін арттырып, көшбасшылық, ұйымшылдық және шығармашылық қабілеттерін дамытты. Жасанды интеллект саласының болашақтағы маңызын түсінген студенттер үлкен шабытпен сайысқа қатысып, болашақ IT мамандары ретінде өз әлеуеттерін таныта білді. Сайыстың атмосферасы достық рухқа толы, танымдық әрі мотивациялық сипатта өтті.

Осындай мазмұнды әрі мәнді іс - шаралар студенттердің болашаққа деген сенімін нығайтып, білім алуға деген ынтысын арттырды. Колледж әкімшілігі мен мұғалімдер ұжымы бұл шараның маңыздылығын ерекше бағалап, алдағы уақытта да осы бағыттағы жұмыстарды жалғастыруды жоспарлап отыр.

ЖЕКЕМБАЕВА Қыз Жібек
Бағдарламалық қамтамасыз ету пәнінің педагогы

ЖАС ПЕДАГОГТАРҒА ҚОЛДАУ – САПАЛЫ БІЛІМНІҢ КЕШІЛІ



технологиялардың тиімділігін практикалық тұрғыда дәлелдеді:

Сын тұрғысынан ойлау (Critical Thinking): Оқушының ақпаратты талдау, салыстыру және өзіндік көзқарасын қалыптастыру дағдыларын дамыту әдістері көрсетілді.

Жобалау арқылы оқыту (Project-Based Learning): Теориялық білімді практикалық тапсырмалармен ұштастырудың маңызы талқыланды.

Интерактивті оқыту әдістері: Сабақ барысында цифрлық платформаларды (Kahoot, Padlet, Quizziz) қолданудың тиімділігі сарапталды.

Саралап оқыту (Differentiation): Әр оқушының жеке қабілеті мен қажеттілігіне қарай тапсырмаларды бейімдеу жолдары ұсынылды.

Сонымен қатар, білім алушылардың білім сапасын бағалау, оқу жетістіктерін талдау, кері байланыс орнату және құжаттарды талапқа сай жүргізу мәселелері кеңінен қарастырылды.

Семинар соңында қатысушылар ортақ қарар қабылдап, келесі ұсыныстарды енгізді:

Бағыты	Атқарылатын іс-әрекет
Әдістемелік	Оқытудың белсенді әдістерін күнделікті сабақ жоспарына міндетті түрде енгізу.
Цифрландыру	Жасанды интеллект мүмкіндіктерін сабақ дайындау барысында тиімді пайдалану.
Тәжірибе алмасу	«Ашық есік» күндерін жиілетіп, өзара сабаққа қатысу арқылы кәсіби шеберлікті шыңдау.

1. Тәлімгерлік институты: Алғашқы қадамның беріктігі
Жас маман жаңа жұмыс орнына келгенде тек теориялық біліммен қаруланып келеді. Тәжірибеде кездесетін қиындықтарды еңсеру үшін оған **тәлімгердің (ментордың)** рөлі өте маңызды.

Тәжірибе алмасу: Тәжірибелі ұстаз сабақты жоспарлау, сыныпты басқару және оқушылармен психологиялық байланыс орнатудың қыр - сырын үйретеді.

Эмоциялық қолдау: Кәсіби күйзелістің алдын алу үшін жас маманның қателесуге құқығы бар екенін түсіндіру маңызды.

2. Кәсіби даму және әдістемелік көмек. Сапалы білім беру үшін мұғалім өзі де тоқтаусыз білім алуы тиіс. Жас мамандарға арналған семинарлар, вебинарлар және «Жас мұғалімдер мектебі» сияқты жобалар олардың кәсіби біліктілігін арттырады. Заманауи педагогикалық технологияларды (STEM, ойын арқылы оқыту, сын тұрғысынан ойлау) меңгерген маман сабақты қызықты өткізіп, оқушының пәнге деген махаббатын оятады.

3. Шығармашылық еркіндік. Жас педагогтардың басты артықшылығы - олардың эксперимент жасаудан қорықпауында. Мектеп әкімшілігі жас маманға жаңа әдістерді енгізуге, авторлық бағдарламалар әзірлеуге мүмкіндік беруі тиіс. Еркін ойлы ұстаз ғана еркін ойлы шәкірт тәрбиелей алады.

Семинар барысында заманауи педагогикалық технологияларды қолдану арқылы сабақтың тиімділігін арттыру жолдары нақты мысалдар арқылы көрсетілді. Оқытуда жобалық әдіс, саралап оқыту, сын тұрғысынан ойлау технологиясы, цифрлық платформаларды пайдалану сынды әдістердің білім алушылардың қызығушылығын арттырудағы маңызы ерекше атап өтілді. Бұл әдістер жас педагогтардың кәсіби көзқарасын кеңейтіп, шығармашылық - тақырыптық жоспар жасау, сабақ жоспарын құрастыру, бағалау критерийлерін анықтау секілді маңызды мәселелер де назардан тыс қалмады. Тәжірибелі ұстаздар бұл бағытта нақты кеңестер беріп, жиі кездесетін қателіктерге тоқталды. Бұл жас педагогтардың кәсіби қызметінде сенімді әрі жүйелі жұмыс істеуіне ықпал етті. Семинар барысында ашық пікір алмасу ұйымдастырылып, жас педагогтар өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, тәжірибелі әріптестерінен кәсіби кеңестер алды. Мұндай кәсіби диалог жас мамандардың педагогикалық ортаға бейімделуіне, ұжыммен тығыз қарым - қатынас орнатуына және кәсіби өсуіне оң әсерін тигізді. Аталған іс - шара жас педагогтардың теориялық білімін тәжірибемен ұштастыруға, кәсіби құзыреттілігін арттыруға және сабақ сапасын көтеруге зор мүмкіндік берді. Тәжірибелі педагогтардың қолдауы мен бағыт - бағдары жас мамандардың өз мамандығына деген сенімін нығайтып, жауапкершілігін арттырды. Алматы техника -



экономикалық қатынас жолдары колледжінде педагогтардың кәсіби дамуына ерекше көңіл бөлінеді. Осындай мазмұнды семинарлар мен әдістемелік іс - шаралар алдағы уақытта да жүйелі түрде ұйымдастырылып, білім беру сапасын арттыруға бағытталған жұмыстар жалғасын таба бермек.

Қорытындылай келе, семинар соңында тәжірибелі педагогтар «Сапалы білім – әдіс - тәсілдің сан алуандығында емес, соны орынды қолдана білуде»,- деген ортақ байламға келді. Іс - шара қатысушылардың кәсіби ынтысын арттырып, оқу үдерісіне жаңа серпін берді. Жас педагог - білім беру жүйесінің «жаңа күні». Оларға көрсетілген жүйелі қолдау - ұстаз мәртебесін биіктетудің төте жолы. Егер бұл бүгінгі жас маманның қанатын қатайтуға көмектессек, ертең ол ұшқан шәкірттері арқылы еліміздің білім сапасын жаңа биіктерге шығаратыны анық.

«Ұстаздық - ұлы іс. Бірақ ол жай ғана жұмыс емес, ол - жүрек қалауы мен үлкен жауапкершілік».

Түйін: Оқытудың тиімді технологияларын меңгерген ұстаз - заман талабына сай бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелей алатын нағыз маман.

ЖАПСАРБАЙ Мадина Мақсатовна
Химия пәнінің педагогы

ЖАСТАР БІЗДІҢ БОЛАШАҒЫМЫЗ: МҰҚАҒАЛИ МҰРАСЫ – МӘНГІЛІК РУХАНИ ҚАЗЫНА



Қазақ поэзиясының мұзбалағы атанған Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығына арналған әдеби-сазды концерт көрерменге ерекше рухани әсер сыйлады. Кеш барысында акынның жүрек түкпірінен шыққан жырлары оқылып, сөзіне жазылған әндер шырқалды. Бұл шара – поэзияны сүйетін қауым үшін үлкен мәдени оқиға болды.

Кеш шымылдығы акынның өмірі мен шығармашылығы туралы бейнероликпен ашылды. Жүргізушілер Мұқағалидың қазақ әдебиетіндегі орны, оның туған жерге, махаббатқа, өмір мен адам тағдырына арналған өлеңдерінің мән-маңызы туралы мазмұнды деректер ұсынды. Әсіресе, «Фаризажан», «Сарыжайлау», «Үш бақытым» сынды танымал шығармалары оқылған сәтте зал іші ерекше толқынысқа бөленді.

Кешке қатысып университет студенттері сайысқа түсті, ақын жырларын мәнерлеп оқып, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Сонымен қатар, номинацияларда белгіленді. 3-ші орын иегері «Бизнес және басқару» кафедрасының 2 курс студенті Серікбай Ильяс, ақшалай 10 мың теңгелік сертификат пен сыйлыққа ие болды. Ильяс тапқыр да, ақылды студенттеріміздің бірі, Мұқағали Мақатаевқа арнап өзі шығарған өлең жолдарымен де бөлісті. Біз Ильясқа үлкен сенім артып қана қоймай онымен мақтанамыз. 2-ші орын иегері «Компьютерлік технологиялар мен

телекоммуникация» кафедрасының 1 курс студенті Абдихамиева Гүлбану 20 000 теңге сертификат алды. Сонымен қатар, Гүлбану өзі өлең жазады. Кеште Мұқағали Мақатаевқа арнап жазған өлең жолдарымен бөлісті. Ал, 1-ші орын иегері «Қозғалысты ұйымдастыру, көлікті басқару және логистика» кафедрасының 1 курс студенті Нұрым Ақпейіл 30 мың теңге сертификат пен бағалы сыйлыққа ие болды. Ақпейіл өзін еркін, сахнаға сай ұстай алды. Мәнерлеп оқуының өзі де ерекше, көрермендерге жырдың мәнін сезіндіре білді десем де болады. Сонымен қатар 2 студентіміз «Көрермен көзайымы» деген номинацияға ие болды. «Қозғалысты ұйымдастыру, көлікті басқару және логистика» кафедрасының 1 курс студенті Нышаналы Салтанат пен «Көліктің автоматтандыру және электрэнергетикасы» кафедрасының 2 курс студенті Иемберген Марат. Студенттеріміз өздерін сахнада көрсете білді, акынның шынайылығын, халқына деген махаббатын, өмірге деген құштарлығын айқын жеткізе білді.

Мұқағали Мақатаевқа арнап жазған ақын студенттерімізде жетерлік, солардың арасында кеште өз шығармашылықтарымен таныстырып, тұсауын кескен жас ақындарымыз Серікбай Ильяс ТД-24к, Абдихамиева Гүлбану ИС-25к, Төлеген Сағыныш Фин-25к топтарының белсенділері ақын жанды студенттері, үлкен рақмет айтамыз! Биіктен көріне берілдер, сендердің қолдарыңнан бәрі де келеді.

Бұл кеш – жас ұрпаққа ұлттық құндылықтарды дәріптеп, поэзияға деген сүйіспеншілікті арттыруға бағытталған тағылымды шара болды. Мұқағали Мақатаевтың мәңгілік мұрасы қазақ халқының рухани қазынасы болып қала бермек. Ақын жырлары әлі талай ұрпақтың жүрегіне жол тауып, рухани азық

болары сөзсіз.

Кеште тек сайысып қана қоймай, қойылымдар қойылып, әндер шырқалды. «Аққулар ұйықтағанда» поэмасына қойылым қойылды. Өте әсерлі қойылым болды, жүрекке жетті. Басты рөлдерде, «Бизнес және басқару» кафедрасының 1-курс студенттері: Нұрмұханбет Жанат, Қалдарбекова Ғазиза, Сейітнұр Жансейіт, Лог-25к тобының студенті Спатай Жасмин және АиУ-25к тобының студенті Маратқызы Алия өз рөлдерін керемет сомдап шықты. Сонымен қоса, әндер шырқалып, құлақтан кіріп, бойымызға күш берді. Оған себепкер болған студенттеріміз: «Логистика» мамандығынан Қайратұлы Бекарыс, «Кеден ісі» мамандығынан Қасымжомарт Самат, УТТ -25 тобынан Нұралы Мейіржан көңіл күйімізді көтеріп, ерекше әсер қалдырды.

Осы концертте өзім де жүргізуші болдым, 2-ші жүргізуші Мұратов Шахәмір, ал 3-ші жүргізушіміз Абдихамиева Гүлбану болды. Сахнаға шығып бойда бар талантты көрсету кез-келген адамның қолынан келе бермейтін іс. Шахәмір екеумізге осы талантты шығарып, сахна еркіндігін сезіндіріп, үйрете білген Айман Сүлейменқызы. Жоғарғы оқу орнына алғаш келген кезден бастап, Айман Сүлейменқызы бойымызда бар талантты ашуға, сахнада қысылмай еркін тұруға жол көрсетіп, мүмкіндік сыйлады десекте болады. Айман Сүлейменқызына ерекше алғысымыз білдіріміз келеді. Осы сәтті пайдаланып, ұйымдастырушымыз Зауре Ағыбаевнаға да алғыс айтамын. Барлығын ұйымдастырып, жаңа достар табуымызға үлес қосты. Қай кез болса да, қолдауға әрдайым дайын тұрады. Талантты студенттерімізді тек биіктен көрейік. Барлықтарыңызға алғысым шексіз, үлкен рақмет!

СЕРІКБАЙ Айым

«Кеден ісі» мамандығының 1-курс студенті

ӘР ҚАЗАҚТЫҢ ЖҮРЕГІНДЕ



Шың басында соғылған дауылдайсың,
Жүрегіңді жұлқылап, ауыртасың.
Ақын болу - бақыт па? Жок, бауырым,
Өз отыңа өзің кеп қарыласың.

Хантәңірі мұңына батқан аға,
Жалғыздықтан жұбаныш тапқан аға.
Сен ішкен у - біздерге бал боп тиді,
Тағдырыңды жырмай жапқан аға.

Жыр жазу - өз жаныңды тілімдеу ғой,
Мұңсызға бұл өмірді күлімдеу ғой.
Ақын болу - арқалап дүниені,
Ешкімге де керексіз біліну ғой...

Аға, сені түсінбей кетті-ау көбі,
Жаныңды жаралады өмір желі.
Қағаз бен қалам ғана сырласың боп,
Тар болды-ау кең қазақтың байтақ жері.

Сен өлген жоқсың, аға, мұң қалдырдың,
Жүрегіне әр қазақ жыр қондырдың.
Ақын болу - азап қой, бірақ сенің,
Биігіне жете алмас бұл тағдырдың...

ШЫН БАҚЫТ

Аспан жақтан іздеймін елесінді,
Жырларыңмен тербетіп келбетінді.
Сен кеткелі Хантәңірі мұң жамылып,
Ақ қайындар ұмытпайды иесін бұл...

Тағдырдың тауқыметін тарттың ба екен?
Жүрегіңе бар мұңды арттың ба екен?
Шынайылық іздеген бұл жалғанда,
Шын бақытты өзіңнен таптым ба екен?

Қара өлеңнің киесін арқалаған,
Сенің жырың — ем болар әр балаған.
«Пай-пай, өмір», - деп кеткен дауысыңды,
Сағынышпен тыңдайды-ау барша ғалам.

Аянышты... ақынның тағдыры ма?
Сыймай кеттің уақыттың тарлығына.
Сен жазған әрбір жолдың нүктесінде,
Тұнып тұр ғой қазақтың бар мұңы да.

Кетсең де сен мәңгілік мекеніңе,
Сенбейді ешкім ақынның өткеніңе.
Жырың тірі! Сондықтан тірісің сен,
Гүл боп қайта келетін көктеміңе.

СЕРІКБАЙ Ильяс

«Кеден ісі» мамандығының 2-курс студенті

МҰҚАҒАЛИ АТАМА!

Рухты ер – Мұқағали мұзбалағым,
Перзенті ақ жаулықты ізгі ананың.
Өлеңдерің нұр шашып санамызға,
Жаным жаз боп жайнады жүз жанарым.
Шагтықпен көмкерілген шаңырағы,
Нарынқолдың атандың нар ұланы.
Поэзияны жаныңа егіз көріп,
Жыр жазумен көңілің жадырады.

Бай мұраңмен құнды тағы асырдың,
Қазақтың қамы үшін деп аласұрдың.
Қара өлеңнің сусында бұлағына,
Жүрегіңе жол салдың алашымның.
Адамдықпен тұрақтап дара шыңға,
Дүниенің ағын да, қарасын да.
Көңілге шат сыйлаған әр туындың,
Халқымның мәңгі өлмейді санасыңда!



МҰЗБАЛАҒЫМ

Мұзбалақ Мұқағали – кеменгерім,
Өр рухыңды ұмытпас беделді елім.
Қайталанбас тұлғасы жауһар жырдың,
Өр қазақтың бойында өлеңдерін.
Тым қысқа болғанымен ғұмыр бағын,
Тұлға боп биіктерге тұғырладың.
Алты қырдан асатын абыроймен,
Бар қазаққа жақұттай жырың мәлім.

Жарық нұрға бөлеген бұл таңымды,
Өр сөзіңнен табамыз мың тәлімді.
Ұл-қызыма өнеге, тәлім беріп,
Заңғар шыңға бастадың ұрпағымды.

Ақ туын құлатпадың ардың адал,
Өлеңдерің адамды таң қылады әр.
Ұлттың ертеңі үшін бай шығарман,
Жұртымыңның жүрегіңде мәңгі қалар!

АБДИЖАМИЕВА ГҮЛБАНУ
ИС-25к, тобының 1-курс студенті



Түнгі қала тынысы

Сұлулыққа толады әсем қала,
Кеш батқанда болады елең сана.
Түрлі-түрлі ойларға батқан кезде,
Тыныш табар өзіңмен - өзің ғана.
Жел еседі биік үйдің арасын,
Сездіреді түннің жұмбақ данасын.
Өр нәрсені ойлап уақыт өткізбе,
Сен әлі тым кішкентай баласың.

Уақыт үнсіздігі

Уақыттың үнсіздігі ауыр кейде,
Бала екендігіне мән бермей ме?
Кеше ғана мектепке қадам басқан,
Есімнен кетпес сол бір сұлу бейне
Білімді үйренген жинарсың көп,
Көз алдыға елестер қиялың көк.
Көп нәрсені үйретер бұл өмірде,
Көрініп еді алғашқыда ұяңды боп.
Неше түрлі адамдар созады қол,
Үйретері бәрінің алдағы жол.
Керегінді теріп ал, басқасы бос,
Биіктерге жетелейтін бастысы сол.

Махаббаттың жыршысы

Далада қар, өзенде мұз сіресіп,
Қыс пен көктем бір-бірімен тіресіп,
Женісе алмай, жұлқысуда тынымсыз,
Дара билік құру үшін күресіп.

Алты ай бойы қар бүркенген қара жер,
Аппақ қармен көмкерілген дала бел.
Ақпан – аяз алты қарыс азуы,
Қыс қажытқан бүрсен қағып барады ел.

Көптен күткен махаббаттың жаршысы,
Көк төсінде қою бұлт боп қалқышы.
Сағыныштан тамған жастай мөлт етсін
Жауып өткен жаңбырыңның тамшысы.

Сағыныш самалы

Бүлдірерсін әрденені кей кейде,
Өздік жүрек өз-өзіне көнбей ме?
Әлде көңіл қалды ма екен өзгеден,
Сол өзгеге енді жүрек сенбей ме?
Сағынысқа, іздерсін көп қаланы,
Тыным бермей көз жас тағы ағады.
Қаншалықты ұмытармын дегенмен,
Ұмыттырмас сағыныштың самалы.

Сағындырар туған ел

Ежелгіде батырлар жерін басқан
Тарихың керемет қой, шіркін дастан
Өр-бір жас біресе екен өз тарихың
Себебі отаны жоқ сенен асқан

Отан деген-оттан ыстық жалыным,
Сол отпенен қуат алған жанымым.
Қай биікке шықсаңдағы ардақтап,
Туған жерге жетпейтінің ұғынғын.

Күн астында көк байрағым желбіреп,
Алысқа ұшсам кетер жүрек елжіреп.
Туған жердің жусан иісін аңқыған,
Аңсап тұрар жан жүрегің тербеліп.

Арман мен шындықтың арасында

Арманың мен шындықтың арасында,
Әл-қуштың жетер ме, екен таласуға?
Көзің жеткен шындықты ести тұра,
Жете алмай сол арманға қаласың ба?
Қол созып, білегінді жиарсың тек,
Сонда да жан-жағыңнан алады кек.
Қол ұшын созар ма екен, деп жүргенде
Қарқылдаса күледі үстіңнен кеп.

ТӨЛЕГЕН Сағыныш
«Қаржы» мамандығының, 1-курс студенті

Ақиық ақын Мақатаевқа арнап

Ақиық ақын, өлең, жыр мұзбалағы,
Саған арнап жас қызың жыр жазды,
Тартылмайды мәңгілік өзің құйған.
Маржандай мөлдір таза жыр аралы.

Бала шақтан болашаққа аттанған,
Аққулары Жетім көлде шаттанған.
Қазақ рухын асқартатып аспанға,
Райымбекті жырга қосып мақтанған.

Жүрек жырын ақ паракқа түсірген,
Жырларынан сезім сырын түсінген.
Ақиықсың, дара туған ақынсың,
Қазіргі ақын сіре, сенің көшірмен.

Өмірінің мәні жоқтай халықтың,
Сөздеріне жетпес сендей алыптың.
Қайта келіп ойсыздарды тербетші,
Қуыс кеуде ойсыздардан жалықтың.

Жерде жүріп көкті ансаған аққу қаз,
Іздеп сені жүретіндей тап бір қаз(ір).
Білмеймін мен сырға толы жырларды,
Ұрпағыңның бүгінгіде қарасы аз.

Өткен өмір толы болды азапқа,
Жетелеген қазақ халқын ғажапқа.
Жүректерді тербеткен өлеңмен
Мұқағали дара тұлға қазақта!